

# АЛДАТАУ

## Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№13 (125) 20 наурыз 2026 жыл

ҮН ҚОСУ

## Жаңа Конституцияны қабылдау-ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру

**Қымбатты отандастар!**  
Бүгін баршаңыз тарихымыздағы аса маңызды, мән-мағынасы айрықша, ел өмірінде өшпес із қалдыратын оқиғаның куәсі болдыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде бүкіл халық атынан Ата заңымызға қол қойдым. Сонымен қатар Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым.

Енді Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Ал Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін болдық. Еліміздің барша халқына Ата заңымыз құтты болсын дегім келеді!

Конституция – мемлекетіміздің ұзақмерзімді мақсат-мұратын айқындайтын, ұлттымыздың келешек тағдырына тікелей әсер ететін тарихи құжат. Бұл – шын мәнінде Халық Конституциясы. Оның жобасы шамамен екі жыл бұрын пысықтала бастады. Кейін мұқият талқыланып, зерделеніп жазылды. Конституциямыз – табанды ұжымдық еңбектің нәтижесі.

Біз бүгін бір ел болып ұлт жылнамасының жаңа межесіне өттік, түбегейлі өзгерістердің сапасы және мазмұны ерекше бірегей кезеңіне аяқ бастық. Кеше ғана елімізде жалпыхалықтық референдум ойдағыдай өтті. Оған жұртшылық жаппай белсене қатысты. Азаматтарымыз өз таңдауын жасады, халқымыз бір кісідей жаңару мен жаңғыру жолын жақтап дауыс берді. Халқымыз Отанымыздың болашағы үшін өте жауапты сәтте жұмыла еңбек етті, ортақ іске орасан зор үлес қосты. Ұлы Абайдың «Бірлік – ақылға бірлік» деген өсиет сөзі осындай кезде айтылған болса керек.

Бұл референдум берекелі бірлік пен ырысты ынтымағымыздың тағы бір өнегелі көрінісі және нышаны болды. Біз халқымызға тән нағыз отаншылдық рухын сезіндік, олардың риясыз қолдауына куә болдық.

Мемлекет тағдырына бей-жай қарамай, дауыс беру науқанына аталысқан барша азаматқа зор алғыс айтамын!

Ұлт мүддесін терең түсініп, Ата заңды қолдап, дауыс беруді тарихи миссия санаған жұртшылыққа шынайы ризашылығымызды білдіремін. Бұл орайда, Павлодар, Ақтөбе, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қызылорда облыстарының және басқа да аймақтардың Ата заңды мақұлдап, дауыс берген тұрғындарына алғысымызды айтқым келеді.

Сондай-ақ осы тұста Қазақстан жастарының ерекше белсенді болғанын атап өту қажет. Олар заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев айтып кеткен «ұлттық жауапкершіліктің» озық үлгісін көрсетті. Мұны заңды құбылыс деп айтуға толық негіз бар. Өйткені жаңа Конституция, ең алдымен, өскелең ұрпақтың игілігі үшін қабылданып отыр.

Бұған дейін де айттым, қазір де қайталаймын: еліміздің болашағы – жастарымыздың қолында! Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерге сенемін, зор үміт арттамын! Жастарымыздың қарым-қабілеті айрықша, талант-дарыны мол, әлеуеті зор, күш-жігері мықты! Қазақстанды әлемдегі ең озық, дамыған елдердің қатарына қосатын да – сіздер! Бұған еш күмәнім жоқ! Бүгін төрге озып, тұғырына қонған жаңа Халық Конституциясы сіздерге бағдар беретін темірқазық болады. Себебі, бұл



– келер ұрпақпен бірге жасай беретін қасиетті құжат.

Осы орайда, мен Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның нәтижелі еңбегіне айрықша тоқталғым келеді. Комиссия мүшелері өте ауқымды, тиімді жұмыс атқарып, мемлекет пен қоғамның өзара сенімі және серіктестігі аса маңызды екенін айқын көрсетті.

Жалпыұлттық коалиция мүшелері де қажырлы қызмет етті. Олар жаңа Конституцияның мән-мазмұнын жұртшылыққа кеңінен түсіндіріп, қажетті үгіт-насихат жұмысын ойдағыдай атқарды. Бүгін осы тарихи сәтке орай, мен Комиссия құрамында болған барша азаматқа және Коалиция мүшелеріне ерекше ризашылығымызды білдіремін.

Еліміздің әр аймағы, ауданы мен қаласында қоғамдық белсенділер, олардың ішінде еріктілер, яғни, волонтерлер жоғары азаматтық жауапкершілік танытып, Халық Конституциясының қабылдануына зор үлес қосты. Баршаңызға рақметімді айтамын.

Біз Халық Конституциясын келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі. Заман талабына сай жаңғырған бас құжат мемлекеттігіміздің сан ғасырлық тарихынан хабар береді. Қазіргі Конституция нағыз Ұлт заңы деген атқа лайық. Оның өне бойында бабаларымыз аманат еткен елдік пен ерлік рухы, салт-дәстүр, жасампаздық және жанашылдық ұғымдары тоғысқан.

Ата заң – мемлекет мүддесінің болаттай берік қалқаны. Конституциямыздың ең басты мақсаттары – жеріміздің тұтастығын, еліміздің Тәуелсіздігі мен егемендігін қорғауға, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, қоғамдық әділет пен заң үстемдігін нығайтуға кепілдік беру, сондай-ақ білім, ғылым, инновация мен мәдениетті дамыту, тазалықты дәріптеп, табиғатты қорғауды қамтамасыз ету.

Мемлекетіміздің бас құжаты – халық болмысының мызғымас нышаны, берекелі ауызбіршілігіміздің символы. Азаматтарымыз таңдаған жаңа Конституция Қазақстанның жаңа дәуіріне жол ашады!

Қазақстан – аяғына нық тұрған, халықаралық беделі биік мемлекет. Еліміз ішкі тұрақтылығын сақтап, өзге жұртпен достық қатынас орнатып, зор сеніммен алға қарай қадам басып келеді. Енді мемлекетіміз дамудың данғыл жолына түседі. Сондықтан бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, ең

бекқорлық пен сенімділік ауадай қажет. Біздің биік мақсаттарымыз, нақты жоспарларымыз бар. Көп созбай бәріміз осы міндеттерді іске асыруға кірісуіміз керек.

**Құрметті отандастар!**

Шын мәнінде, Халық Конституциясын әзірлеу мен қабылдау жалпыұлттық бірліктің салтанат құрғанын, жаңғыру стратегиясы мен реформалар жаппай қолдау тапқанын аңғартады. Әрине, бұл құжаттың тарихи маңызына, қазіргі қоғам мен келер ұрпақ баға береді. Ал бізге мемлекеттілік жылнамасын жазу миссиясы жүктелді. Бұл – абыройлы әрі жауапты миссия. Сонымен бірге азаматтық ой-пікірің арқылы туған Отанының даму бағдарын белгілеуге берілген сирек мүмкіндіктердің бірі, тағдырдың сыйы. Сондықтан бәріміз тарихи әрі ұлы бетбұрыстың бел ортасынан табылып, тағдыршешті сәтке куә болдық деп сеніммен айта аламыз.

Референдумға қатысып, азаматтық жауапкершілік пен отаншылдық танытқан баршаңызға алғыс айтамын. Әсіресе, жастарға шынайы ризашылығымызды білдіремін. Жас буын ел жылнамасына есімдерін алтын әріппен жазып, Ата заң авторларының біріне айналды. Қазақстанның бүгінгі мен келешегі жастардың қолында. Бұл – ешқандай ұран емес, қарапайым өмір заңы, мемлекеттік саясатымыздың өзегі.

Референдумның табысты өтуіне орай менің атыма достас мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтаулар келіп түсіп жатыр. Орайлы сәтті пайдалана отырып, халқымызға қолдау көрсетіп, тілектестіктерін жеткізген әріптестеріме ризашылық білдіремін.

Алдымызда ауқымды жұмыс тұрғанын, біз мемлекетімізді жаңа жақты жаңғырту жолын енді ғана бастағанымызды айрықша атап өткім келеді. Дүние дүрбеленге толып, айналамызда тұрақсыздық белең алған жағдайда бұл жолды еңсерудің оңай болмайтыны, түрлі кедергімен бетпе-бет келетініміз анық. Алайда жолдың қиындығына қарамай, алға қадам басуымыз керек. Ол үшін ұлттымыз ауызбіршілік танытып, жауапты әрі жасампаз патриотизмнің, терең білім мен кәсібиліктің үлгісін көрсетуі қажет. Біз көздеген мақсатымызға жетеміз. Жәнімпаз болуға міндеттіміз!

Мен бүгін қол қойған Жарлық Ата заң ережелерін жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен шараларын айқындайды. Көп ұзамай Парламент қарауына Президент, Құрылтай, Халық Кеңесі, Астананың мәртебесі және еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы жаңа бес конституциялық

заң енгізіледі. Сонымен қатар сегіз конституциялық заңға және 60-тан астам заңға, соның ішінде негізгі кодекстерге түзетулер енгізу қажет. Заң шығару үдерісі алдағы парламент сайлауымен қатар жүреді. Сайлауды жаңа сессияның ашылуына дейін өткізу жоспарланып отыр. Сол уақытқа дейін тиісті заңнамалық база әзірлеуді толықтай аяқтаған жөн.

Елімізді құқықтық және саяси тұрғыдан түбегейлі жаңғырту жыл соңына дейін, тіпті, келесі жылы да жалғасуы мүмкін. Алдымызда қазіргі билік институттарын реформалап, жаңасын құру, сондай-ақ олардың құрылымы мен кадрлық құрамын өзгерту міндеті тұр. Конституцияның тың қағидаттары құқықтық, экономикалық, қоғамдық-саяси өміріміздің, басқаша айтқанда, тұтас тыныс-тіршілігіміздің ажырамас бөлшегіне айналады.

Халық Конституциясы – стратегиялық сенім мандаты және ұзақмерзімді мақсаттар мен өрлеу жолына бастайтын жаңа қоғамдық келісім. Сондықтан еліміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты деп сеніммен айтуға болады. Соған сәйкес, мемлекет пен азаматтардың ықпалдастығы қайта жаңғыруы қажет.

Өздеріңізге мәлім, былтыр қылмыстық жауапкершілікке тартылғандарға рақымшылық жасалды. Енді азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін бірқатар қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық бойынша тағы да рақымшылық жариялауға болады. Елімізде әкімшілік істер бойынша рақымшылық алғаш рет жасалатынын атап өткім келеді. Парламент қазіргі сессияның соңына дейін тиісті заң қабылдауы керек. Бұл – Негізгі заңдағы адамгершілік идеялары мен прогрессивті құндылықтарды қоғамда орнықтыратын маңызды қадам.

Жаңа Конституция – халқымыздың ынтымақ-бірлігінің жарқын символы. Оның баптарында әрбір қазақстандықтың арманы мен аңсары, ұрпағының баянды болашағына деген үміті мен сенімі көрініс тапқан. Ата заң барша азаматтың – Отанымыздың шынайы патриоттарының басты бағдарына айналады. Қазақстанның жаңа Конституциясы – әлемдік өркениеттің биігіне бет алған ұлттымыздың берік әрі мызғымыз тұғыры. Менің бұған ешқандай күмәнім жоқ. Сіздердің де шүбәларыңыз болмайды деп ойлаймын.

**Қадірлі қауым!**

Жаңа Конституцияны қабылдау – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру деген сөз. Бұл – дұрыс пен бұрысты тани білетін, жақсы мен жаманның ара-жігін ажырата алатын, кемеліне жеткен жұрттың ғана қолынан келетін іс. Жаңа Конституция елдігіміздің тірегі, егемендігіміздің тұғыры болады. Оның әр нормасы, әр тармағы Тәуелсіздігімізді нығайта түседі. Әділдік қағидаты бас құжаттың өзегіне айналды. Сондықтан жаңа Ата заңды Әділетті Қазақстанның төлқұжаты десек, қателеспейміз. Мен ел Президенті және Конституция келілі ретінде бас құжаттағы ережелердің мүлтіксіз орындалуы үшін бар күш-жігерімді саламын. Жаңа Конституциямызға сәйкес адал қызмет етуге серт беремін. Еліміз әрқашан өсіп-өркендей берсін!

Қасиетті Отанымыз – Қазақстан Республикасы мәңгі жасасын!

ҚҰТТЫҚТАУ

**Жаңару мен бірліктің мерекесі**

Құрметті ағайын!

Баршаңызды облыстық ардагерлер кеңесінің атынан Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Күн мен түн теңеліп, табиғат түлеп, тіршілік атаулы жаңаратын бұл мереке-халқымыз үшін ежелден береке мен бірліктің, ізгілік пен татулықтың символы. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан игі дәстүрлеріміз осы күні ерекше жаңғырып, адамдар бір-біріне ақжарма тілектерін айтып, өткенге тағзым жасап, болашаққа үмітпен қарайды.


Наурыз-халқымыздың кеңпейілділігі мен қонақжайлылығын, бауырмалдық пен сыйластықты айшықтайтын ұлы мереке. Бұл күндері ел ішінде ынтымақ пен татулық артып, әр шаңырақта қуаныш пен шаттық орнайды.

Ардагерлер-елдің шежіресі, қоғамның рухани тірегі. Сіздердің өмір жолдарыңыз еңбек пен өнеге мектебі. Кейінгі ұрпақ үшін әрдайым үлгі құндылықтарды сақтап, ел бірлігін нығайту жолындағы еңбектеріңіз үлкен құрметке лайық.

Осынау шуақты мерекеді баршаңызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық пен береке тілейміз. Еліміз тыныш, жұртымыз аман, бірлігіміз бекем болсын!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Наурыз мерекесі құтты болсын!

**Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ,**  
Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.



**Облыстық аумақтық референдум комиссиясының хабарламасы**

Референдум күні облыс аумағындағы барлық учаскелік референдум комиссиялары өз жұмысын уақытылы бастап, дауыс беру процесі Қазақстан Республикасының қолданастағы заңнамасына сәйкес, ашық әрі жария түрде өтті.

Облыс бойынша құрылған 682 референдум учаскелерінің 677-де дауыс беру ұйымдастырылды. Дауыс беру таңғы сағат 07:00-де басталып, кешкі сағат 20:00-де аяқталды. Учаскелер қажетті материалдық-техникалық құралдармен толық қамтамасыз етілді.

Референдум учаскелерін жабдықтау барысында мүгедектігі бар азаматтардың дауыс беруіне қолайлы жағдай жасау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ.

Алматы облысы бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізілгендердің саны 1 030876 адамды құрады. Олардың ішінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны 735 496 адамды құрады. Бұл 71,34 % болды.

Дауыс беру күні 2320 ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың 1719 немесе 74,1 пайызы қатысты, олардың 1291-і үйде, 428-і референдум учаскелерінде дауыс берді.

Дауыс беру процесінің ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында референдум учаскелерінде 4 республикалық, 13 облыстық деңгейдегі аккредиттелген қоғамдық және коммерциялық емес ұйымдарының 2653 байқаушылары мен 12 бұқаралық ақпарат құралдарының 27 өкілдері жұмыс істеді.

Референдум өткізу барысында заң бұзушылықтар тіркелген жоқ. Жекелеген өтініштер мен шағымдар заңнамаға сәйкес қаралды.

Республикалық референдумға шығарылған мәселе бойынша «Қолдаймын» деп дауыс бергендердің саны 591 412 немесе 80,41 %;

«Қарсымын» деп дауыс бергендердің саны 122 616 немесе 16,67 %;

Жарамсыз деп танылған бюллетендер саны 10 911 немесе 1,48 %.

Жарамды деп танылған, бірақ санақ кезінде есепке алынбайтын бюллетен саны 10 557 болды.

Жалпы алғанда, Алматы облысында республикалық референдум жоғары ұйымдастырушылық деңгейде, ашық әрі әділ өтті деп айтуға толық негіз бар. Қорытындылай келе, Алматы облысында республикалық референдум заңнама талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, ашықтық пен жариялылық қағидаттары сақтала отырып өткізілді. Оның қорытындылары азаматтардың еркін білдіреді және заңды күші бар.

15 НАУРЫЗ  
МАРТА ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО ИЗ НАС!  
РЕФЕРЕНДУМ

ТАҢДАУ ЖАСАЛДЫ

Ардагерлер белсенділік танытты

15 наурызда өткен Референдумда Алматы облысының ардагерлері үлкен белсенділік танытты. Олар таңертеннен бастап алғашқылардың бірі болып сайлау учаскелерінде өз таңдауларын жасап, жастарға үлгі көрсетті. Ардагерлер осылайша Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасының бекітілуіне өз үлестері қосты.

Еңбекшіқазақ ауданы

Еңбекшіқазақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жұман Сембайұлы Мыкыбеков сайлау учаскесіне алғашқылардың бірі болып келіп, өз таңдауын жасады.



Еңбекшіқазақ ауданының еңбек ардагері Умекова Гүлжан Рыскелдіқызы

Қарасай ауданы



Қарасай ауданының ардагерлері учаскелік референдумда дауыс беруде.



Ұйғыр ауданы



Ербол Нұрсейтов

Бүгін референдумға қатысып, өз дауысымды бердім. Бұл – еліміздің болашағына қатысты маңызды шешім қабылданатын тарихи сәттердің бірі. Әр азаматтың белсенді қатысуы қоғамның дамуына және мемлекетіміздің тұрақтылығына оң ықпал етеді деп сенемін. Сондықтан барша азаматтарды бейжай қалмай, өз пікірін білдіруге шақырамын. Ел болашағы бәрімізге ортақ.

Қонаев қаласы



Қонаев қаласының ардагерлері референдумға белсенді қатысып, өз учаскелерінде дауыс берді. Ардагерлер азаматтық борыштарын орындап, ел болашағына бейжай қарамайтындарын көрсетті.

Кеген ауданы



Бүгін Кеген ауданында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шыңғыс Тұрсынұлы Ө. Жаңабаев мектебі №558 референдум учаскесіне келіп, өз таңдауларын жасады. Олар азаматтық міндетін орындап, ел болашағына жауапкершілікпен қарайтындығын көрсетті. Аудандағы еңбек ардагерлерінің, қариялардың көшбасшысы саналатын Шыңғыс атамның алғашқылардың бірі болып дауыс берді.

АТА ЗАҢ

АРДАГЕРЛЕР ӨЗ ТАҢДАУЛАРЫН ЖАСАДЫ

15 наурыз – Қазақ елін жұмылдырған, ұлтымызды ұйыстырған айтулы күн болып тарихқа енді. Қонаев қаласында Референдум Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылып, өз деңгейінде өтті. Аймақта құрылған сайлау учаскелерінің барлығы белгіленген уақытта ашылып, комиссия мүшелері өз жұмысытарын тыңғылықты атқарса, дауыс берушілердің еркін таңдау жасауына да барлық жағдай жасалды. Бақылаушылар мен БАҚ өкілдері референдум барысын ашық түрде қадағалауға мүмкіндік алғанын айта кеткен жөн.



Референдум күні Қонаев қаласында тұрғындардың дауыс беру учаскелеріне кедергісіз жетуі үшін 30 автобус қатынап, 9 бағыт бойынша жолаушыларға тегін қызмет көрсетті. Оның ішінде 4 бағыт елдімекендер арасында, ал 5 бағыт қалашілік бағыттарды қамтыды. Қоғамдық көлік қызметі әсіресе қарттар, студенттер мен шалғай ауылдарда тұратын тұрғындар үшін өте қолайлы болды.

Қонаев қаласының құрметті азаматы, мекенат Мұрат Сергебаевтың ұйымдастырған ретроавтокөліктер шеруі акциясы есте қаларлық шаралардың біріне айналды. Сирек кездесетін көліктер тұрғындардың ерекше қызығушылығын тудырып, көпшілік оларды тамашалап, суретке түсіп, әсерлерімен бөлісті. Акцияға қатысушылар дауыс беру учаскелеріне келіп, ел өміріндегі маңызды саяси оқиғаға бейжай қарамайтынын көрсетті.

Референдум күні Қонаев қаласындағы Б.Соқпақбаев атындағы орталық саябағында өткен акцияға қала тұрғындары, белсенді жастар мен түрлі ұйым өкілдері қатысты. Шара барысында саябақ аумағына жас көшеттер отырғызылып, қаланың жасыл желегін көбейтуге үлес қосылды.

Акция елімізде жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасын қолдауға арналды. Акцияны ұйымдастырушылардың айтуынша, ағаш отырғызу – тек табиғатты көгалдандыру ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы жанару мен оң өзгерістердің символы. Көктемде егілген әрбір көшет табиғаттың жаңғырып, өмірдің қайта түлейтінін білдіреді. Акцияға қатысқан жастар қала тұрғындарын табиғатты аялауға және қоршаған ортаны таза ұстауға шақырды.

«Қазір Президенттің «Таза Қазақстан» экологиялық бастамасы ауқымды жалпыұлттық қозғалысқа айналды. Аумақтарды тазалау акцияларынан бастап, экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған ағартушылық жобаларға дейінгі шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі жалпы халық атсалысқан референдум сенімді тіптен нығайта түсті», – деді өз таңдауларын жасаған «Жасыл қала Қонаев» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметкерлері.

Қонаев қалалық Ардагерлер ұйымының мүшелері дауыс беру әр азаматтың конституциялық құқығы ғана емес, мемлекет

тұрақтылығы мен дамуына қосылатын маңызды қадам екендігін жақсы түсінетіндіктен референдумда ұйымшылдықпен белсенділік көрсетті.

Саяси науқанның ел болашағы үшін маңызы зор болғандықтан қоғам өміріне белсене араласып келе жатқан қала ардагерлері референдумға қатысып, өз таңдауларын жасады. Сонымен бірге Дәметкен Нүсіпбекова, Назым Чажайбаева, Гүлжамал Захарова, Орынбай Тойлыбеков, Сансызбай Мәдібеков, Рисалық Нуранова, Балтабай Нұрсейітов, Халипа Рахметова, Зарыққан Есілбаев, Мұратбай Нағметов, Мейрамқұл Сейтқазиева, Бақытбек Давлетов байқаушылық міндеттерін абыроймен атқарды, – деді Қонаев қалалық Ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев.

Сонымен бірге ол Жалпыұлттық Коалиция құрамында ардагерлер ауқымды түсіндіру жұмыстар жүргізгенін, түрлі мекеме ұжымдарымен және тұрғындармен кездесулер өткізіп, адамдардың үміті мен тілегін жақсы білетінін және енді олардың толық орындалуы маңызды екенін атап өтті.

Занғар АЛТАЙ.  
Қонаев қаласы.

НАУРЫЗ: КӨРІСУ

Амал - ағайынның қауышар күні

Өтеген батыр ауылындағы Нұрғиса Тілендиев атындағы Мәдениет үйінің алды бұл күні ерекше күйге бөленді. Ауа райы тамаша болып, көктемнің алғашқы лебі сезіліп, күннің шуағы молынан төгіліп тұр. Қызылды-жасылды ұлттық киім киген адамдардың дауыстары жарқын-жарқын шығып, бір-бірімен «Амал мерекесі құтты болсын!», «Бір жасыңмен!», «Жасың құтты болсын!» деп, ақжарма тілектерін айтып, құшақтары айқасып көрісіп жатыр. Жастар болса үлкендерге сәлем беріп, батасын алуда.



Тігілген алты қанатты ақ үй анадайдан мен мұндайды. Ұлттық колонерді дәріптейтін көрмені тамашалауға келгендерде есеп жоқ. Жергілікті суретшілер туындыларының көрмесі де көз тартарлық. «Сармат» би тобының қазақ биі мен Мәдениет үйі жанындағы «Ер Тұран күйінің» нақышына келтіре орындалуы мерекенің сән-салтанатын арттыра түскендей. Әр жерден күлкі мен қуаныштың үні естіледі. Іле аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмзе Әлдибекұлы Исаевтың бастамасы және аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен өтіп жатқан «Амал келді-жыл келді» атты көрісу мерекесі Мәдениет үйінің алдына құтты бір тойлы ауыл көшіп келгендей адамдарға ерекше әсер қалдыруда. Бүгінгі күннің көркін ашатын тақырыпқа сай ілінген банер тұрған сахнаға көтерілген ішкі саясат бөлімінің басшысы Мұрат Жандосұлы Тоқашбаев осы бір әдемі мерекенің бет пердесін ашты.



Күрметті ағайын баршаңызды «Амал мерекесімен» құттықтаймын! Алаш жұрты үшін Көрісу күні жай ғана мереке емес, деп бастады өзінің сөзін Мұрат Жандо-

сұлы, – Ол адамдарды жақындастыратын, ағайынның басын қосатын, мейірім мен ізгілікті насихаттайтын ерекше күн. Бұл күн адамдардың арасындағы бауырмалдықты арттырып, қоғамдағы бірлік пен татулықты нығайта түседі. Осындай игі дәстүрлер ұлттың рухани тұтастығын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

Екінші болып сөз алған Әмзе Әлдибекұлы Исаев Амал күнінің тәрбиелік мәніне тоқталды. Көрісу дәстүрі арқылы жастар үлкенді құрметтеуді, кішіге ізет көрсетуді, туыс-туғанмен арадағы сыйластықты сақтауды үйренеді. Әр шаңырақта дастархан жайылып, келген қонаққа құрмет көрсетіледі. Адамдар бұл күні амандық сұрасып, өткен-кеткен өкпе-ренішті ұмытып, жаңа жылды таза көңілмен қарсы алады.

Мерекені одан әрі жалғастырған Ақши халық театрының «Амал келді, жыл келді» атты сахналық көрінісі көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Әлібек Нұрғожа атындағы халықтық ардагерлер ансамблінің орындауындағы «Мерке», «Гүл-гүл жайна», Мәрия Ерланқызы шырқаған Сүгірдің термесі, «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының әншісі Клара Жұмаханованың «Ахау керім» әндері, осы орталықтың биші әжелерінің «Ақ бидай» биі көпшілікті ерекше әсерге бөледі. Ең соңында Наурыз туралы ән орындалып, бұл шараның мазмұнын аша түсті. Мереке барысында келген қонақтар киіз үйде жайылған ақ дастарханнан дәм татып, ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдірді. Ең соңында А.Тоқпанов ауылдық бастауыш ардагерлер кеңесінің төрағасы Мәлс Жәмілов ақ батасын беріп, елге амандық пен береке-бірлік тіледі.

Иә қай заманда да татулық пен сыйластықты ту еткен халқымыз үшін Амал мерекесінің орны ерекше. Бұл елдің берекесі мен бірлігін айшықтайтын, ағайынның бір-бірімен қауышар күні. Бұл тек көрісу ғана емес, адамдардың жүрегін жақындастыратын, ағайынның басын қосатын, береке мен бірлікті дәріптейтін ерекше күн! Ендеше Іле ауданында өткен Көрісу күні – Амал мерекесі келген қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлап, жастарға тағы бір тағылымды, мазмұнды тәрбие берудің үлгісін көрсетті. Наурыз мейрамы құтты болсын!

Роза АЙДАРБЕКОВА.

● ӨНЕГЕ

## АНАЛАРДЫҢ ҚОЛЫ ОРДЕНГЕ ЖЕТТІ

Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен ақ жаулықты аналар туралы айтылып жататын ақ тілектер тасқынының шеті мен шегі жоқ десе де болады. Өйткені, адамзат баласының анаға деген шексіз махаббаты, өлшемі жоқ сүйіспеншілігінің орны қашан да дараланып тұрады. Үш әріптен ғана тұратын ана атауының алар орны мен абыройы әрдайым асқақтап тұрады.

Көгілдір көктеммен бірге келетін халықаралық аналар мерекесінің де алар орны айырықша екенін адам баласы жақсы біледі. Осы бір айтулы мерекеде аналарға көрсетілетін құрмет пен ізеттілік өзіндік ерекшелігімен жүрегіңізге жылылық ұялатады. Ондай ыстық ықыластан аяулы аналардың артынан ерген қыз-келіншектер де құр қалмайды. Мұның өмір заңдылығына және қалыптасқан берік дәстүрге айналғанын ешкім де жоққа шығара алмайды.

Аналардың осынау мерейлі мерекесінің қарсаңында қуаныштың қуанышқа ұласып, жақсылықтың жақсылыққа жалғасып жатқанын көзімізбен көріп, көңілімізге тоқтыдық. Ақиқатқа сүйеніп, ашығын айтар болсақ, аналарымыздың көңілі аспанға жетіп, бір жасап қалды. Олардың еңбектері ерекше еленіп, сый-құрметтен кенде қалмады. Оған алдыға көлденең тартар жарқын дәлелдер де жетерлік. Енді соған тоқтала кетейік.

Аудандық «Аналар кеңесі» ұйымы осы аналар мерекесі қарсаңында Астана қаласында өтетін «Жаңа Қазақстан» Республикалық инновациялық орталығының қоғамдағы ана мәртебесін арттыру, отбасы институтын нығайту, ұрпақ тәрбиесінде



ананың атқаратын маңызды рөлін насихаттау мақсатында ұйымдастырған «Аяулы ана» және «Инабатты келін» республикалық байқауына ауданнан аналарды қатыстыруға игі бастама көтеріп, ықпал жасады. Бұл бастаманы қалалық және ауылдық әкімдіктер де қызу қолдады. Осы мақсатта Қарасай ауданынан О. Жандосов ауылының өкілі, көпбалалы ана, осындағы орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары әрі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Анара Өміржанова, Қаскелең қаласынан көпбалалы ана, күміс және Алтын алқа ордендерінің иегері, зейнеткер-ұстаз Гүлсім Қыбыраева, «Көкөзек» ауылындағы орта мектептің музыка пәнінің мұғалімі Аяулым Тұрғанзинова секілді 3 ана Астана қаласына аттанған еді.

Байқау қортындысында қарасайлық аналардың бағы жанып, жұлдыздары жарқырады. Анара Өміржанова, Гүлсім Қыбыраева байқау жеңімпазы атанып, бала тәрбиесіне қосқан айырықша еңбектері үшін «Аяулы ана» ордендерімен, І-ші дәрежелі Дипломмен және «Аяулы ана» статусы-

тқасымен марапатталса, «Инабатты келін» байқауына қатысқан Аяулым Тұрғанзинова да сый-сияпатсыз қалмады. Ол І-ші дәрежелі Дипломмен және «Инабатты келін» төсбелгісін алып қайтты. Сөйтіп, Астана қаласынан аналарымыз абыройлары асқақтап, олжалы оралды.

Олар осы байқауға қатысуға демеушілік жасаған аудандық «Аналар кеңесі» ұйымының төрайымы Әзиза Найымбаева бастаған ұйым мүшелеріне және аудандық, қалалық, ауылдық әкімдіктеріне айтар алғыстары етсіз. Аудан аналарына мінсіз қызмет етіп жүрген «Аналар кеңесі» ұйымының төрайымы Әзиза Найымбаева да «Жаңа Қазақстан» Республикалық Инновациялық орталығының Алғыс хатымен марапатталды. Осылайша Әзиза Ахметқызының да еңбегі еленіп, лайықты бағасын алды. «Жақсылықтың ерте-кеші жоқ» деген осы болар. Аналар осыған қуанышты.

**КЛАРА ШӘРІПХАНҚЫЗЫ,**  
аудандық «Аналар кеңесі»  
ұйымының мүшесі.  
Қарасай ауданы.

15 НАУРЫЗ  
МАРТА

Важный голос каждого из нас!  
РЕФЕРЕНДУМ

Жамбыл аубаны

**Дулдай Сархатд:**  
"Әлемдегі ең бейбіт ел..."



Ұрпақ тәрбиесінде өнеге көрсетіп келе жатқан бұл әулеттің алтын діңгегі – «Алтын алқа» иегері, көпбалалы ана Дулдай Сархат. Ардақты ана 9 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсіріп, бүгінде 41 немере, 32 шөбере сүйіп отыр.

Адияттар әулеті – елге еңбегімен танылған, білім мен еңбекке ерекше мән беретін өнегелі отбасы. Әулет құрамында 19 ұстаз бен 3 дәрігер халыққа қызмет етуде. Сонымен қатар кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, спорт және білім саласында табысты еңбек етіп жүрген азаматтар көп.

Әулеттің немерелері де түрлі салаларда жетістікке жетіп, республика және халықаралық деңгейдегі жарыстардың жеңімпаздары атанып жүр.

Бүгін Адияттар отбасы ел болашағына бейжай қарамай, референдумға отбасымен келіп дауыс беріп, азаматтық белсенділіктің үлгісін көрсетті.

Әулеттің ұйытқысы Сархат әжей өз пікірінде: «Қазақ елі – әлемдегі ең бейбіт, берекесі тасыған бақытты ел. Мен осыншама немере-шөбереммен бірге референдумға келгеніме Аллаға мың да бір шүкірлік етемін. Осы ұрпағымның болашағы жарқын болсын деп дауыс беруге келдім. "Елу жылда – ел жаңа" дегендей, Жаңа Қазақстанның жаңа заңы қайта пысықталып жатыр. Біз әулетімізбен бұл өзгерісті қолдаймыз», – деді.

● АБЫРОЙ БИІГІНДЕ

## АЗАМАТ ТУРАЛЫ АЙТСАМ...

Жас ұрпақты Отанын сүйуге, елге адал қызмет етуге тәрбиелеу – әрбір қоғам үшін маңызды міндет. Осы жолда мектептегі алғашқы әскери дайындық пәнінің орны ерекше. Бұл пән оқушыларға әскери білімнің негізін үйретіп қана қоймай, оларды тәртіпке, жауапкершілікке және елжандылыққа баулиды. Бүгінгі әңгімеде осындай маңызды істің басында жүрген алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Әсет Көшербайұлы Алжанбай туралы сөз етпекпін.

2025 жылы жетпіс бес жасқа жеткен ардагер ұстаздың жас ұрпақтың бойына патриоттық тәрбие беруде атқарған істері баршылық. «Білікті маманның жасына қарама, істеген ісіне қара» деген сөз Әсет Көшербайұлына тура айтылғандай.

Әсет Көшербайұлы 2024 жылдың желтоқсан айынан 2025 жылдың желтоқсан айына дейін патриоттық тақырыпта 9 кездесу ұйымдастырған екен. Бұл-үлкен еңбек. Оны аудандағы мектеп, колледж, мәдениет үйіндегі, ауылдық округ әкімдігіндегі көпшілік жақсы біледі. Ол шаралар аудандық, облыстық, республикалық газет-журналдарда жарияланғаны анық.

2024 жылы 28 желтоқсанда Алматы қаласындағы Панфилов паркінде республиканың әр облысынан келген өкілдермен бірге өткізілген жиында, одан кейін Алматы қаласы Алматы ауданындағы физика-математика мектеп лицейінде өткізілген кездесуге де барды. Сонымен қатар Талғар қаласына жақын орналасқан «Арыстан» әскери мектеп лицейінде өткен кездесу-жиынға да қатысты.

2025 жылы ақпан айында Әсет Көшербайұлының 75 жасқа толуына байланысты Есік қаласынан арнайы келген аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Төкен Ұзақов Қазақстан ауылдық округіне келіп Әсет Көшербайұлына аудандық мәслихаттың төрағасы Бекет Ахметовтың «Алғыс хатын» тапсырса, ауыл ақсақалдары шекпен жауып құрмет көрсетті.

Алматы қаласындағы «Бейбітшілік әлемі», халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің президенті, ҚР білім беру

ісінің үздігі, генерал-майор Ә.А.Нұрмановтың шақыруымен «Бейбітшілік әлемінің» мәжіліс залындағы салтанатты жиында «Халық мұғалімі» медалімен бірге «Диплом», «Алғыс хатпен» марапатталды.

Сол секілді ол кісіге Түрген ауылындағы Ломоносов орта мектебінде ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына 33 жыл және Отан қорғаушылар мерекесіне орай «Алғыс хат» пен «Облыстық оқу ағарту және бюджеттік ұйымдары қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі атынан «Кәсіподаққа еңбегі сіңген қайраткер» төсбелгісі берілді.

Алматы қаласындағы «Ер намысы» қоғамының төрағасы «Алаш Прайд» спорт қоғамының құрметті ардагері, профессоры, академик Ерболат Алиядин, халықаралық Д. А. Қонаев атындағы қордың вице президенті, Алматы облысы мен Балқаш ауданының «Құрметті азаматы», запастағы полковник Дәулетбек Жанботаевтар арнайы қатысқан жиында 75 жасқа толғанына орай «Ұлы дала бағыры» төсбелгісімен марапатталды.

Ауданда өзі бұрын істеген 2 мектеп, 3 колледжде жоғары санатты оқытушы ұстаз болып, жасы келіп 2013 жылы зейнетке шықты. Мектеп, колледж директорының шақыруымен 2019 жылға дейін істеді. 13 жылдан бері зейнеткер жаста болса да аудан әкімі, ішкі саясат, ауыл округтерінің басшылары мен колледж, мектеп директорларының қолдауымен кездесу-жиынды жыл сайын әлі де өткізіп келеді.

69 жылдан аса тарихы бар Шелек политехникалық колледжі директоры қолдап, Әсет

Көшербайұлының ұйымдастыруымен өткізілген жиынға Қорғаныс министрі болған, халық қаһарманы, генерал-полковник С.Токпақбаев, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің ардагері, полковник Қ.Мұқаметқалиев, жазушы, «Алаш» әдеби сыйлығының ардагері С.Досжан, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Қ. Асқарұлы, полковник Б.Қырықбай, жазушы-журналист А. Бердібаев және тағы басқа қонақтар қатысты.

Бәйдібек-би ауылындағы Т. Әубәкіров атындағы орта мектептің директоры Әсем Қанағатованың қолдауымен, Әсет Көшербайұлының ұйымдастыруымен өткізілген жиында да ол Республикалық «Ардагер» қоғамдық одағының «Алғыс хатымен» марапатталды.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына, ҚР Қарулы Күштерінің құрылғанына 33 жыл толуына орай Шелек аулындағы Мәдениет үйінде өткен кездесу-жиынға запастағы капитан Әсет Көшербайұлының өзі шақыруымен республика деңгейінде кездесу-жиын өткізді. Оған аудан әкімінің орынбасары Ертай Нұрмақанов, ішкі саясат бөлімінің бастығы Қайсар Асқарұлы шақырылды. Алматы қаласындағы Кеңес Одағының Батыры С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының бастығы, генерал-майор Бауыржан Ибагулин, генералдың көмекшісі, полковник Данияр Дәуренұлы және Алматы қаласындағы Ауған соғысы ардагерлері одағының «Жауынгер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Байдәулет Дәркенбаев пен Шелек аймағындағы Ауған соғысы ардагерлері қатысты.

Кездесу-жиынға келген Алматы қаласындағы республикалық «Ер намысы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, ҚР еңбегі сіңген қызметкері, спорт ардагері, профессор, академик Ерболат Алиядин, халықаралық Д. А. Қонаев атындағы қордың вице-президенті, Алматы облысы мен Балқаш ауданының «Құрметті азаматы» Желтоқсан

ардагері, сазгер, актер, запастағы полковник Дәулетбек Жанботаев Әсет Көшербайұлын Д. А. Қонаев атындағы «Мерей» ордені мен «Алғыс хатты» салтанатты жиында тапсырды. Кездесуге келген Шелек аймағындағы колледж, мектеп директорлары мен АӘД пәні оқытушылары бастаған 2 колледж, 10 мектептің әскери оқытушы ұстаз, студент, оқушылары мәдениет үйіне сыймай, тік тұрып қатысты.

Әсет Көшербайұлының ұйымдастыруымен өзі тұратын Қазақстан ауылдық округінің жиын залында өзі шақырып өткізген кездесу-жиынға Халық қаһарманы, запастағы подполковник Азамат Жұмадилов қатысып, Әсет Көшербайұлына сағат сыйлап, рахметін айтты. Алматы қаласындағы Ауған соғысы ардагерлер одағының төрағасы Байдәулет Дәркенбаев Әсет Көшербайұлына «Панфилов дивизиясының құрылғанына 75 жыл» медалін тапсырды. Ішкі саясат бөлімінің бастығы Қайсар Асқарұлы аудан әкімінің «Алғыс хатымен» Әсет Көшербайұлын және қоғам белсендісі Н. Ердаулетұлын марапаттады. Ауыл әкімі, ақсақалдар алқасының төрағасы Ақан Оспанов бастаған ақсақалдар, аналар кеңесінің төрайымы Ашыбұлақ, Ж. Қайыпов, Қазақстан ауылындағы үш орта мектептің АӘД пәні оқытушылары бастаған 10-11 сынып оқушылары, тағы басқа қонақтар қатысып, кездесу-жиынға арнайы келгендерге рахметтерін айтты.

Ардагер оқытушы ұстаз, запастағы капитан Әсет Көшербайұлын аудан, облыс, республикаға танымал, өз ісінің білгірі, патриот азамат десем, қателеспеймін. Қазір уақыт басқа, талап басқа болса да, жасым келді деп отырмай, аудандағы 90-нан аса оқытушы ұстаздарға үлгі-өнеге көрсетудің өзі-ерлік. Өз ісінің білгірі, запастағы капитан Әсет Көшербайұлы-ел-жұрты, аудандағы оқытушы ұстаздар құрметтейтін азамат.

**НҮРҒАЙША МАНАПОВА,**  
ардагер ұстаз.  
Ашыбұлақ ауылы.  
Еңбекшіқазақ ауданы.

Алатау қаласы



Алатау қаласының мәслихат төрағасы Роза Абилова мен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Юсупов, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі қалалық ұйымының төрайымы Риза Соңақызы ед таңдауларын жасады.

Іле аубаны



Іле аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмзе Әлдибекұлы Исаев алғашқылардың бірі болып дауыс берді.



Алматы облысы мен Іле ауданының Құрметті азаматы «ВТК group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Тоқан Ботабеков: Бүгін мен өз таңдауымды жасадым. Референдумда дауыс беріп, азаматтық борышымды орындадым. Әр адамның дауысы – елдің болашағына қосқан үлесі. Бейжай қалмай, өз пікірімізді білдірейік

● БІҚЫЛАС БАТА

АМАНЖОЛҒА

МЫҢ  
АЛҒЫС



Кетпен алатауының бөктерінен орын тепкен шұрайлы мекен Сүмбе ауылының тумасы ірі кәсіпкер Рысмендиев Аманжолдың де-меушілігімен ауылға бір топ өнер адамдары келіп алтын құрсақты аруаналар мен ақжаулықты аналарды, қазақы болмыстың ұйытқысы, бүгінгі ұлтымыздың киесі, келешектегі бесіктің иесі қыздарымызды «құттықтап қайтты», - деп тілектес, ниеттес, өкше басар інім сүйінші хабарын жеткізгенде қатты қуандым. Жіберген ұшбу хатын оқып отырып, Аманжолдың кәсіпкер ретіндегі қол жеткізген атақтары бір төбе болса, жалғыз «Бауыржан Момышұлы медалінің иегері» деген атағы бір төбе деп бағалап, риза болып Бәукеңнің:

- Бата қазақтың жаны мен тәнінің азығы, Бата қазақтың салт-дәстүрінің алтын қазығы.

Бата әдебиет, бата мәдениет, бата өсиет, Батаны бере білу қасиет, - деген қанатты сөзін басшылыққа алып Жәнеттің берген тамша батасына «Аумин, қабыл болсын», - дей отырып менің де Аманжолға ықылас батамды бергім келеді:

Ойда жүген аманат,  
Қағазға түссе хат болады,  
Топта жүрген азамат,  
Баталы болса бақ қонады.  
Басыңа бақ қонсын деп,  
Жолың ақ болсын деп,  
Көңілің шат болсын деп,  
Табысың нақ болсын деп,  
«Аумин» - деп қолың жай,  
Отырмын бата бергелі,  
Басыңа сенің орнасын,  
Бар жақсылық елдегі.  
Қасыңа сенің келмесін,  
Жаманшылық жердегі.  
Жоламасын жаныңа,  
Өмірдің ащы кермегі.  
Байтерекіей бүрлегін,  
Жайқалып өскен белдегі,  
Алғыс алдың еліңнен,  
Бұл құдайдың бергені.  
Жаратқан ием жар болып,  
Молая берсін бермегі.  
Азамат болып ержеттің,  
Ақсақал болып төрлеткің,  
Бердім балам батамды,  
Жақсылығын тілеп жер-көктің.

Қалабай МЕРЕИМОВ,  
Ұйғыр ауданы, Сүмбе ауылдық округі бастауыш ардагерлік ұйымының төрағасы

Сондай -ақ Қазақстанда Наурызды күн мен түннің теңелетін күні ретінде тойлау дәстүрі мыңдаған жылдардан бері келе жатқаны туралы астаналық мәдениеттанушы Серік Ерғали да айтады. Ол өз сөзінің дәлелі ретінде Алматының солтүстік-батысындағы 170 км жерде орналасқан Анырақай тауындағы жартастарға салынған суреттерді мысал етеді.

Салынған суреттер шамамен, 5-6 мың жылды құрайды. Ежелгі суреттерде Наурыздың және он екі мүшелік түркі күнтізбесінің байланысы көрсетілген. Ұлы Селжұқ мемлекетінде өмір сүрген Омар Хайям Наурызға арналған «Наурызнама» дастанын жазған. Шығармаға сәйкес, бұл мерекені тойлауды аңыздың кейіпкері Жамшед патша бастаған. Ол таудың басына алтын тақ орнатыпты. Бұл жерде алтын күнді, жарқын жаңа өмір мен жаңа жылды бейнелейді.

«Түйе айдаушы» деген мағынаны білдіруі өз руластарының көшпелі өмір салтына күмән келтірмейтінін білдіреді. Сондықтан Наурыз мейрамы көнеден келе жатқан Тұран дәстүрімен және Махаббат, Береке, Тірек, Нұр сыйлаушы Бірыңғай Жарағушының ілімін уағыздаған көшпелі пайғамбармен байланыстырылады.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Қазақтар бұл мерекені «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Бұл түркі-моңғол халықтарының аңызға айналған бабаларының Ергенеконнан аттанып, жауын жайратып, күш-қуат алып, темір ұстасы мен жауынгер халыққа айналған кезін баяндайтын мифологиялық тарихтың жаңғырығы.



НАУРЫЗ КӨЖЕ, САЛТ-ДӘСТҮР  
МЕН ЫРЫМ-НАНЫМДАР



Қазақстанда 21 және 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні ретінде атап өтіледі. Осы күні күн мен түн теңесіп, Жаңа жылдың келуін білдіреді. Тек қазақтар ғана емес көптеген ұлттың сағына күтетін мерекесінің шығу тарихы, мерекені тойлаудағы ырым-нанымдар мен Наурыз көже жайында қалам баспасы материалында баяндалған.

МЕРЕКЕНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Мереке атауы ежелгі Иранда қалыптасқан екен. Ол көне парсы сөздерінің қосындысынан, яғни «ноу» — жаңа, «руз» — күн сөзінен пайда болған. Сондықтан көбісі оны әуел бастан таза ирандық мереке ретінде есептеген.

Наурыз мейрамы тарихи Иран аумағынан бастау алмайды. Ол заманауи Иран Ислам республикасының аумағынан неғұрлым ауқымды. Оның бастауы едәуір солтүстікке таман орналасқан. Бұл жерлер ежелгі Иран әдеби-

етінде Тұран деп аталған. Иран тілдес көшпелі бөтен тайпалардан тартып алынған жерлер.

Иран аумағына қоныс аударғаннан кейін үнді-ирандықтардың бастапқы көшпелі конфедерациялары ақырында, отырықшы өмір салтына көшеді, содан кейін отырықшы Иран мен көшпелілер басым тұратын Тұран арасындағы мәдени алшақтық неғұрлым анық көріне бастайды, бұл Көне Иран әдебиетінде жиі көрініс табады.

Шығыс Иранның шыққан Заратустра пайғамбардың есімінің

Өзге елдерде наурыз қалай тойланады

АУҒАНЫСТАН

Ауғанстанда Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы 21-наурызда тойланады. Мынадай оғаш салт-жоралғылары бар: 20-наурыз түнгі сағат 1-ден, 21-наурыз күндізгі 12-ге дейін ешкім көшеге шықпауы тиіс. Яғни, бұған байланысты сенім: егер кімде-кім сол уақытта үйден шықса, онда келе жатқан жылда жанұясының бір мүшесі дүниеден өтеді деген наным болған. Біраз уақыт мейрамға дейін жанұяның барлық мүшесіне жаңа киімдер тігіледі. Жақындарына сыйлықтар беріліп, үйге тазалық жасалады. Мейрам күні дастарханда жемістер мен дәндер, жеті түрлі жемістен дайындалған компот және 5 түрлі тағам болады. Атауы “с” әрпінен басталатын бұл тағамдар барлық достар мен таныстарға ұсынылады.

ИРАН

Ирандықтар Наурыз мейрамын 13 күн тойлайды. Алғашқы 5 күнін дос-жаран, туыс жақындарымен бірге наурызды күтіп алуға арнаса, тоғызыншы күн Шахрйран Навруз (шах Навруз) ретінде тойлайды. Ал, он үшінші күн Сиздабадар («Он үшіншісі үйден тыс») ретінде атап өтіледі. Дәстүр бойынша ирандық әйелдер, мейрам қарсаңында “осы уақытқа дейін болған барлық жамандық атауы кетсін әрі өздері үшін денсаулық пен әсемдікті қалау” ниетімен оттан секіретін болған. Ерлер болса, қызыл түсті киім киіп беттерін қара күйе немесе қара бояумен бояп қала көшелерін серуендейді.

ТҮРКИЯ

Түркия Наурыз - Анадолуда “Султан-ы Невруз”, “Невруз Султан” сияқты аттармен танылған. Салт-дәстүр бойынша Наурыздың алғашқы күні не көрсе немесе байқаса, адам жыл бойы сонымен бірге болады деп жорамалдаған. Бұл тек адамдарға ғана емес, қарапайым тұрмыстық заттар мен тағамдарға да байланысты. Сол себепті, мейрамда Түркияда алдын-ала дайындалып, өзіне заттар сатып алып және жақсы амалдар жасауға тырысады. Түркияда 23-наурыз Наурыз мерекесінің алғашқы күні ретінде аталып өтеді. Ол күні таңертең ерте тұрып, жаңа киімдерін киіп. Зират басына барып дұға жасайды және шәй, кофе ішеді. Содан кейін, бәрі бір дастархан басына жиылып ас ішеді. Сол мезетте аспаптар ойнатылып, жыр-ән, өлеңдер айтылады. Ағашқа әткеншектер құрады. Балалар “байрақ” жазуы бар батпырауықтарды ұшырады.

ҒАЛАМТОР желісінен алынды.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

КЕНЕ ЭНЦЕФАЛИТІ

Кене энцефалиті – орталық жүйке жүйесінің ауыр зақымдайтын, табиғи аймақтық жұқпалы ауру. Алматы облысының аймағы кене энцефалитінен эндемиялық аймақ болып есептеледі, жыл сайын он жағдайға жуық ауру тіркеледі.

Сыртат кене энцефалитінің вирусымен шақырылады. Сыртатты жұқтыру амалдары: - кененің қан соруы; - кененің айналыс жанышын тастағанда; - кене шаққан орынды қасығанда; - жұқпа қоздырғышының денеге кененің сілекеймен немесе кененің басқа тінімен енгенінде; - ауру малдардың (сиыр, ешкі) шикі сүтін пайдаланғанда.

Сыртаттану инкуб кенелерінен тарайды, олардың 15-тен астам түрлері бар. Инкуб кенелері жылы қанды адам мен жануарларды 5-6 метр жерден сезеді. Кене денеге қалдып, қанға кене энцефалитінің вирусын жібереді. Бұл сәтте адам кене шаққанын сезбейді, өйткені кенелер бар ауруды білдірмейтін зат шаққан орнын жанысыздандырады. Кене қанды сорғанда көлемі 100-120 есеге дейін өседі. Кене энцефалитінің табиғи ошағы бар аймақтарда, кене шаққан адамдарда иммунитет қалыптасып, қайталан аурғаннан сақтайды (прозоидемичевание).

Кенелердің шабуыл жасайтын және адамдарды зақымдайтын екі мезгілі болады: көктем (мамыр-маусым) мен жаздың соңы (тамыз-қыркүйек).

Кене энцефалитінен ауырған науқас айналадағыларға қауіпті емес. Сыртатпен әр жастағы адамдар ауырады, төзімділігі өте жоғары, сондай-ақ жиі (75%) ер адамдар шалдығады. Сыртаттың кәсіби түрі де болады – оның қауіпті тобы – орманшылар, геологтар.

Кене энцефалитімен ауырған кезде науқастардың шағымдары: жоғары дене қызуының 38-40° дейін 4-6 күн бойы көтерілуімен, бас ауруы, бас айналуы, 1-2 тәулік бойы құсу, ұйқының бұзылуы, мойын, иық, аяқ-қол, сирек бел аймағының бұлшық еттерінің ауырсынуы, жалпы әлсіздік пен шаршап қалу, жүйке жүйесінің зақымдалуы кезінде бұлшық еттің тартылуы. Балаларда талпын қалу, сандырақтау, қозушылық, тырысып қалу сияқты белгілер болады. Сыртат әр жастағы адамдарға ауыр асқынуымен өлім-жітімге дейін алып келуі мүмкін.

Үй жағдайда кене энцефалитінен емделуге болмайды, оның арты асқынуларға және созылмалы түрге айналуға, мүгедек болып қалуға әкеледі.

Ауырған адамда иммунитет қалыптасады және өмір бойы сақталып қалады. Қайталану ауру кездеспейді.

Кене энцефалитімен сыртаттанудың алдын алудың басты шарасы кене энцефалитіне қарсы вакцинация алу, вакцинацияға жұқпаның табиғи ошағында болған адамдар жатады. Вакцинация күзде (қыркүйек-қазан) басталады. Алғашқы күрс үш дозадан тұрады, иммунитетті қалыптастыру үшін кейін 3 жыл бойы бір ескеден алу қажет.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! СІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗ ӨЗ ҚОЛЫҢЫЗДА. ОЛ ТАБИҒАТ АЯСЫНДА ӨЗІҢІЗДІ ДҮРЫС ҰСТАУЫҢЫЗҒА БАЙЛАНЫСТЫ.

-Табиғат аясында болғанда ұзын жеңді ашық түсті, денеге жабысқан киім киген дұрыс (үстіңізде өрлеп бара жатқан кене жақсы көрінеді).

-Қысқа жең, қысқа балақ киім және ашық аяқ-киім киімеген жөн;

-Басқа орамал тарту керек;

-Тал-шілік, бұталарды айналып өткен жөн;

-Өлеттегідей, орманға барған кезде кенелер дененің ашық аймақтарына шабуыл жасайды (жамбас, тізе, балтыр);

-Серуенте шыққанда міндетті түрде өзінің, бір-бір-

лерінің үстілерін жиі – жиі қарап, тексеріп отыру керек. Әсіресе денеде шаш көп жерлерді мұқият қарау керек;

-Ашық табиғатта түнде қалатын жағдайда, 20-25 м маңайды құрғақ шөп, шыбықтардан тазалау қажет. Астыға төсейтін бұтақ, шөптерді төссем бұрын күнге 3-4 сағат кептірген жөн;

-Серуеннен кейін киім-кешекті ауыстырып, киілген киімді мұқият қарап, жуып үлгітеу керек. Бұл киімдерді төсектің маңайына қалдырып, немесе сол киіммен ұйықтауға болмайды.

-Кенелерге жағымсыз иіс туғызатын репеленттер мен аэрозольдарды қолданған жөн (олардың әсері 2-3 сағатқа созылады).

Кене шаққан жағдайда не істеу керек? Кене шаққан орын қасып тастауға және кенені жанышын тастауға, кенені бірден жулып алуға болмайды, кенені пицет және басқа затпен алуға әрекет жасамансыз. Мүмкіндігінше медициналық көмекке жүгінген жөн. Егер ондай мүмкіндік болмаса, жабысып тұрған кененің үстіне қолда бар майды қоюлап жағып, 15-20 минуттан кейін пицетпен немесе жіпшен тұмсығына тақап байлап, әрі-бері ырғап шығару керек. Кенені абайлап алу керек, кененің басы мен тұмсығы тері астында қалып қалса, оны алу қиына соғады. Шаққан орынды спиртпен немесе йодпен залалсыздандыру керек. Алынған кенені тастамай, ылғал мақтамен шыны ыдыстың ішіне салып, тоназытқышқа қою керек. Содан соң тез арада паразитологиялық зертханаға тексеруге апару қажет. Зерттеуге кенені тірі күйінде апарған жөн. Зерттеу нәтижесі Сіз үшін маңызды, себебі зардап шеккен адам ретінде келесі атқарылатын шаралар зерттеу нәтижесіне байланысты болады. Егер шаққанға міндетті түрде кенеге қарсы арнайы иммуноглобулин тағайындалады, ол кене шаққаннан алғашқы 3 күн ішінде тиімді, сондықтан медициналық көмекке алғашқы 3 күн ішінде жүгінген маңызды.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

ҚАУІПСІЗ ӨНІМДІ ҚАЛАЙ ТАҢДАУҒА БОЛАДЫ

Азық-түлік таңдау адамның әл-ауқаты мен өмір сапасына әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Қазіргі уақытта дүкен сөрелеріндегі тауарлардың әртүрлілігі тұтынушыларды таң қалдырады, бірақ біздің денсаулығымыз өнімдерді таңдауға тікелей байланысты.

Азық-түлік таңдау екі негізгі кезеңнен тұрады: 1. Тауар мен қаптаманың органолептикалық бағалау, яғни олардың сыртқы түрін, иісін және басқа сипаттамаларын таңдау.

2. Таңбалауды мұқият зерделеу - қаптамада және зағбелдегі орналастырылған ақпарат.

Сыртқы жағынан, өнімнің өзін де, оның қаптамасын да бағалау маңызды. Мұнда бәрі анық. Дақтар, жарықтар, зақымданулар, іздер және басқа да ақаулар - мұның бәрі өнімнің сапасыз екендігін көрсетеді. Ең дұрысы, мұндай өнімдер сөрелерге түспеуі керек. Қаптаманы бағалай отырып, сіз қанша өнімнің ішінде екенін түсінуіңіз керек. Бірақ қаптаманың қарапайымдылығы сізді шошытпау керек. Көбінесе өндірушілер тұтынушыға қол жетімді бағаммен сапалы өнімді ұсыну үшін дизайнға келгенде үнемдейді. Көптеген сатып алушылар өнімнің сыртқы түрін бағалауға асығады. Дегенмен, бұл сапалы азық-түлік сатып алу мақсатындағы алғашқы қадам ғана. Егер өнім жақсы көрінесе, бұл оның «дәмді және пайдалы тағам» анықтамасына сәйкес келетінін білдірмейді. Мысалы, таурдың түрін әрқашан тамақпен емес бояғыштардың көмегімен сәндеп қоюға болады. Тауардың иісі, түсі сияқты критерийлерге назар аударыңыз. Жеуге дайын тағамдарды таңдағанда, құрамын оқыңыз - ол неғұрлым қысқа болса, өнім соғұрлым қауіпсіз болады. Жарамдылық мерзіміне назар аударыңыз! Жергілікті маусымдық көкөністер мен жемістерді таңдаңыз.

Рұқсат етілмеген сауда орындарында кездейсоқ адамдардан тауарлардың азық-түлік тобын сатып алмаңыз! Ең алдымен, бұл сүт өнімдерінің барлық түрлері, шикі жұмыртқа, құс еті, әртүрлі ет түрлері, кесілген көкөніс тағамдары, кондитерлік өнімдер, әсіресе торттар мен ақуыз кремі бар торттар. Құс етінен дайындалған тағамдар, жұмыртқа қосылған тағамдар, майонез және қаймақ қосылған салаттар ең көп қауіп төндіруі мүмкін.

Азық-түлік таңдау кезінде қарапайым ережелерді сақтау сіздің денсаулығыңызды және туыстарыңыз бен жақындарыңыздың денсаулығын сақтауға көмектеседі!

Н. МЕДЕТОВ.

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

**АЛАТАУ Ардагері**  
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі  
Алматы облыстық филиалы  
Директор:  
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

**БАС РЕДАКТОР:**  
Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310

**ТІЛШІЛЕР:**  
Алтынбай Сықымбек  
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.  
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500  
Талсырыс №597  
Индексі – 65472.